

**ШЖҚ «Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығы»
МКК қызметкерлерімен өткізілген отырыстың хаттамасы**

Талдықорған қ.

16 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: ШЖҚ «Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығы» МКК қызметкерлері.

Күн тәртібінде: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары және Қазақстан Республикасы медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар намыс кодексінің қағидаларын сақтау.

Б. Ахметжанова: Құрметті ұжым!

Сыбайлас жемқорлық-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында заңсыз пайдалануы өзіне не үшінші тұлғаларға, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беру.

Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлықты еңсеру мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады, оның басымдықтары Мемлекет басшысымен нақты белгіленген. Сыбайлас жемқорлықты тиімді тежеу ғана – құқықтық мемлекет құрудың жалпыға бірдей танылған шарты.

Сыбайлас жемқорлық елдің әлеуметтік – экономикалық дамуында қауіп төндіретінін түсінеміз. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін Республикада заңнамалық база қалыптастырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске азаматтық қоғам белсенді қатысады.

Азаматтық қоғам-мемлекетпен бірге дамыған құқықтық қатынастар құратын жоғары әлеуметтік, мәдени, моральдық экономикалық мәртебесі бар адамдар қоғамы.

Сіз бен біз осы азаматтық қоғамды құрамыз. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бізге тікелей қатысты. Сіз өзіңізден бастауыңыз керек және айналаңыздағы адамдарды тартуыңыз керек. Сыбайлас жемқорлық заңнамасын бұзбаңыз және басқаларға бұған жол бермеңіз. Яғни, мақсаты мен міндеті қоғам өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін азайту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының медицина қызметкерлері мен фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс Кодексінің нормаларында «өз қызметінде медицина және фармацевтика қызметкері: сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұрады» деп көрсетілгенін ұмытпаңыз.

Қорытынды: Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтаймыз, медициналық деонтологияны бұзбаймыз.

Комплаенс офицер

Б.Ахметжанова

- 1) Саятбаева К.К. Prof.
- 2) Мурашбекова М.М.
- 3) Дюсенова Т.С.
- 4) Керимов Д.К. Керимов
- 5) Бромскаева Н.А.
- 6) Зуболатова А.С. Prof.
- 7) Сыбанбаева Т.К. Prof.
- 8) Байсенбаев А.С. Prof.
- 9) Назаршико А.В. Prof.
- 10) Мухамбаева С.В. Prof.
- 11) Риндинов Д.И. Prof.
- 12) Каримбетов А.А. Prof.
- 13) Мухомидилов Н.С. Prof.
- 14) Сахтанова Д.С. Prof.
- 15) Мустаев А.А. Prof.
- 16) Афанов А.К. Prof.
- 17) Крикпаева П.Б. Prof.
- 18) Сапарбаев А.С. Prof.
- 19) Ковалева И.И. Prof.
- 20) Айтенова К. Prof.
- 21) Раскубеков Н. Prof.
- 22) Маюраева У.М. Prof.
- 23) Исаитилов Д.Е. Prof.